ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 қазан №5165-24-00-2/2551 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ырыс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ырыс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлынан «Ырыс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 5 396 (бес мың үш жүз тоқсан алты) теңге 30 (отыз) тиын тұрақсыздық айыппұл мен 1 886 (бір мың сегіз жүз сексен алты) теңге 80 (сексен) тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б.М., 06.10.2024
Заңды күшіне енген күні 14.11.2024 Сулы Рысқұлбеков К.О. 18.11.2024
5165-24-3-1/2606

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 06.10.2024

5165-24-3-1/2606

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2024 Судья Рыскулбеков К.О. 18.11.2024